

**Бас директордың 2020 жылдың 1-жартыжылдығының қорытындысы
бойынша
еңбек ұжымымен жоспарлы есептік кездесуі**

Әріптестер, еңбек ұжымында әлеуметтік-психологиялық ахуалды одан әрі жақсарту үшін еңбек ұжымы мен жұмыс беруші арасында бірыңғай жүйедегі кері байланысты орнату мақсатында, ҚМТ-да жұмыс беруші мен қызметкерлердің ішкі коммуникациялар қағидаларының қолданылатыны өздеріңізге мәлім. Сонымен қатар ҚМГ-ның 15.01.2020ж №118-04-232 хатына сәйкес ҚМГ-ның еншілес мекемелерінің бірінші басшыларының еңбек ұжымы алдында есеп беру жиналыстарын жүргізуге байланысты қосымша нұсқамалары негізге алынды.

«Covid-19» коронавирус инфекциясы пандемиясына және Қазақстан Республикасында жарияланған карантинге байланысты қазіргі күрделі жағдайды ескергенде, есептік кездесуге қызметкерлерді жинау және оны көзбе-көз өткізу кезінде инфекцияның таралу қаупі күшейетіні сөзсіз. Соған байланысты «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның ұсынысы бойынша Бас директордың еңбек ұжымымен жоспарлы есептік кездесуі Қызметкерлерден кері байланыс алу үшін қашықтық форматында өткізілетін болады.

Слайд № 2 2020 жылдың –жартыжылдығындағы маңызды оқиғалар

2020 жылдың ақпанында ҚР ЭМ «Жемчужины» келісімшарттық аумағын қайтару жөніндегі Жол картасы бекітті, онда келісімшарттық аумақты қайтару жұмыстарын 2020 жылдың 30 шілдесіне дейін аяқтау қажеттігі көрсетілді. 2020 жылға арналып бекітілген ЖЖББ-да осы жұмыстарды жыл соңына дейін аяқтау көзделгеніне қарамастан, бұдан бұрын 2019 жылдың соңында ҚР ЭМ мәжілісінде аумақта қайтаруға қатысты бүкіл процесті 2020 жылдың 30 шілдесіне дейін аяқтау туралы шешім қабылданған болатын.

Аталған Жол картасын орындау мақсатында ҚР ЭМ Министрінің 16.06.2020ж. №235 Бұйрығымен «Жемчужины» жобасы бойынша Өнімді бөлу туралы 14.12.2005ж. №1920 келісім бойынша жер қойнауын пайдалану салдарын жою жұмыстарын қабылдау жөнінде комиссия құрылды. Бұл комиссия өз жұмысын аяқтағанын және тиісінше 17.07.2020ж. №2-УВС МЭ РК акт жасалғанын, одан кейін ӨБК-ні бұзу арқылы келісімшарттық аумақты қайтаруды рәсімдеу қажеттігін айта кеткен жөн.

Үстіміздегі жылдың наурыз айында Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі тұлғасында Құзыретті орган «Құрманғазы» жобасы бойынша ӨБК-ге толықтыруларға қол қою жөніндегі Жол картасын бекітті, соған сәйкес, жобалық құжаттарға қол қою 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдаймен жасақталған «Құрманғазы» жобасы ӨБК бойынша ҚМТ-ның барлық құқықтары мен міндеттемелерін тәуелсіз бағалау туралы есеп бойынша наурыз-сәуір айларына жоспарланған еді. Алайда Жобалық құжаттардың бітпеуіне және елде төтенше жағдай мен карантиндік режимнің енгізілуіне байланысты бұл мерзім біршама кейінге шегерілді.

Слайд № 3 (Жемчужины жобасы)

«Жемчужины» келісімшарттық аумағын қайтару жұмыстары ҚР ЭМ 2020 жылдың ақпан айында бекіткен Жол картасына сәйкес жасалған кестеге сәйкес орындалады.

Оператор кестені уақытында орындау мақсатында ҚР заңнамасында көзделген барлық жұмыстарды орындау үшін Мердігер(лер)ді анықтаудың келісімшарттық стратегиясын белгіледі, жұмыстардың барлық түрлері бойынша нарыққа талдау жүргізді (Жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі жоба, жойылған ұңғымаларға мониторинг жасау, геологиялық есеп және келісімшарттық аумақты қайтарудың бүкіл процесіне қолдау көрсету).

Жол картасы аясында төмендегідей жұмыстар атқарылды:

- 28.02.2020ж. ақпараттар, материалдар, құжаттар, объектілер тізбесі жасалып, PSA ЖШС және КазГеоИнформ орталығына қарау, келісу үшін жолданды.

- Оператор 13.03.2020ж. «Жемчужины» ӨБК Серіктестерімен және ҚМГ-мен келісу үшін Оператор мен КМОК Б.В.-ны тарату жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасын ұсынды.

- 2020 жылдың 31 наурызында «Жемчужины» жобасы бойынша Операциялық комитет Оператор және Консорциум арасындағы №С02777 шарт бекітілді, оның қатысушылары «КазНИГРИ» және «Номад Эко» ЖШС («Жемчужины» келісімшарттық аумағын қайтару қызметтерін көрсету жөніндегі мердігер) болып табылады. Шартқа мынадай жұмыс түрлері енгізілген:

1. «Жемчужины» келісімшарттық аумағын қайтаруға қолдау көрсету және Геологиялық есепті әзірлеу;
2. Жойылған ұңғымаларға өндірістік экологиялық мониторинг жасау (ДУА, Сканерлеу, Инспекция)
3. Жер қойнауын пайдалану салдарын жою және қоршаған ортаға әсерді бағалау жөніндегі жоба дайындау;

4. Экологиялық зерттеулер мен мониторингілер жөніндегі қорытынды есепті жасау.

Мердігерлер тұжырымдалған геологиялық есепті әзірледі, ол тіркеу нөмірін беру және рецензентті тағайындау үшін ««Батысқазжерқойнауы» Батыс Қазақстан өңіраралық геология және жер қойнауын пайдалану департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесіне жіберілді.

2020 жылдың 1-жартыжылдығында Жемчужины ЖЖББ орындалысы 137,3 млн. теңгені (жоспарда 618,3 млн. теңге), яғни 22 % құрады. «Жемчужины» келісімшарттық аумағын қайтару жұмыстарының басым бөлігін 2020 жылдың маусымында аяқтау жоспарланғанмен, аталған жұмыстар КОВИД-19 пандемиясына байланысты 2020 жылдың шілде-тамыз айларында аяқталатын болады.

Жыл сайын жобаның жылдық бюджетінің 1% көлемінде Серіктестердің және Оператордың қызметкерлерін оқытуды қаржыландыру жүргізіледі. 2020 жылға жоспар 51 мың АҚШ долларын, ал оның нақты орындалуы 18,5 АҚШ долларын немесе 36% құрады, жыл аяғына дейін толық көлемде орындалуы күтіліп отыр.

Өнімдерді бөлу келісімшартының әлеуметтік нысандарды қаржыландыру міндеттемелерінің аясында «Бейнеу селосындағы

Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің жанындағы бөлек тұратын оқу корпусының құрылысы» жобасын жүзеге асыру мақсатында 500 000 (бес жүз) АҚШ доллары көлемінде қаражат бөлінді.

Слайд № 4 «Құрманғазы» жобасы

Өздеріңізге мәлім, 2018 жылдың 9 қарашасында Петропавловск қаласында Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы өңіраралық ынтымақтастығының XV форумы шеңберінде Қазақстан мен Ресейдің 2019-2021 жылдардағы бірлескен іс-қимыл жоспарына (бұдан әрі – Жоспар) қол қойылғаны белгілі. Жоспардың 9-тармағына сәйкес 2019-2021 жылдар аралығында «Құрманғазы» құрылымы бойынша ӨБК-на өзгерту енгізуді қамтамасыз ету көзделді. Соған байланысты:

- Үстіміздегі жылдың 21 қаңтарында Қазақстан Республикасының Премьер-министрінің Бірінші орынбасары ҚР Сыртқы істер министрлігінің атына Жоспарды орындау туралы ақпараттарды жарты жылда бір рет, 20 мамырға дейін және 20 қарашаға дейін беруді тапсырды.
- Үстіміздегі жылдың 19 маусымында Қазақстан Республикасының Премьер-министрінің Бірінші орынбасары 2019 жылғы 21 қаңтардағы тапсырма аясында жұмысты жалғастыруды тапсырды.
- Аталған тапсырмаға сәйкес, үстіміздегі жылдың 19 мамырында ҚМГ-ге 2020 жылдың 1-ші жартыжылдығы бойынша Жоспардың 9-тармағының орындалуы туралы ақпарат берілді.

Бұған дейін айтылғандай, белгілі болған себептер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын ҚМТ-дан ҚМГ-ге беру және барлау кезеңін ұзарта отырып, келісімшарттық аумақты кеңейту жөнінде ӨБК-ге өзгертулер мен толықтыруларды келісу жұмыстары жалғасуда. ӨБК және Бірлескен қызмет туралы келісімге (ССД) толықтырулардың бұдан бұрын ҚМТ әзірлеген жобалары ҚМГ-бен келісілген соң жоба бойынша серіктес «Роснефть-Эксплорейшн» Жауапкершілігі шектеулі қоғамға (ары қарай – РЭН) қарауына және келісуіне ұсынылды. ӨБК мен ССД-ға толықтыруларды келісу процесінің созылуына байланысты РНЭ тарапынан келіспеушіліктердің болуы, оларды ҚР ЭМ-мен бірлесіп қарау және ӨБК-ге қосымша өзгерістер енгізу қажеттігіне байланысты есептік жылы Жол картасына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі ҚМГ корпоративтік шешімдері қабылданбады. ҚМГ, «РН-Эксплорейшн» ЖШҚ және ҚР Энергетика министрлігі 2020 жылдың 28 ақпанында және 3 наурызында талқылау нәтижелері бойынша алынған ескертулерді/пікірлерді ескере отырып, ӨБК-ге Толықтыру жобасын қарау үстінде. РНЭ тарапынан келіспеушіліктер болғандықтан, сонымен бірге елде төтенше жағдай мен карантиндік режимнің енгізілуіне байланысты жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөнінде ҚМГ-ның корпоративтік шешімдерді осы жылдың 2-жартыжылдығында қабылдауы жоспарланды, ол үшін ҚМТ жарамдылық мерзімі 30 маусымда аяқталған «Құрманғазы» жобасы ӨБК бойынша ҚМТ-ның барлық құқықтары мен міндеттемелерін тәуелсіз бағалау туралы есепті жаңартуы қажет.

Оператордың 2020 жылға арналған, бюджеті 1 507 890 АҚШ доллары құрайтын жылдық жұмыс бағдарламасы мен бюджеті (ГРПиБ) Операциялық комитеттің 2020 жылғы 6 наурыздағы және Басқару комитетінің 2020 жылғы 10 наурыздағы шешімдеріне сәйкес бекітілді. Келісімшарттық аумақты кеңейтуді және барлау кезеңін ұзартуды көздейтін ӨБК-ге толықтыруға қол қойғанға дейін 2020 жылға арналған ЖЖББ-да (ГРПиБ) геологиялық барлау жұмыстарын жүргізудің қарастырылмағанын атап өткен жөн.

2020 жылдың 1-жартыжылдығы қорытындысы бойынша Оператордың бекітілген жылдық жұмыс бағдарламасы мен бюджетіне сәйкес жұмыстар 197 303 АҚШ доллары сомасында орындалды, ол есептік кезеңдегі жоспардың 27 % құрайды.

Есептік кезең ішінде қазақстандық мамандарды оқыту бағдарламасы 41 396 АҚШ доллары сомасында орындалды, ол жоспардың 8% құрайды және тек қазақстандық студенттерді ғана оқытуға жұмсалған шығын болып табылады. Бұл КВИ-19 пандемиясына және карантин режиміне қатысты жағдайды, сондай-ақ әлемдегі мұнай бағасының болжамнан тыс біршама төмендегенін назарға ала отырып, оқыту міндеттемесін 1 миллионнан 500 000 (бес жүз мың) АҚШ долларына дейін бір жолғы (2020 жылы) азайту туралы РНЭ мен КМГ серіктестердің ниетін Құзыретті органмен келісу процедурасына байланысты оқыту жоспарларын бекітуді Оператордың, Мердігер компаниялардың және олармен байланысты тараптардың кешіктіруімен түсіндіріледі. Алайда белгілі болғандай, 23 шілдеде Сараптау комиссиясы отырысының нәтижесі бойынша ҚР ЭМ бұл ұсыныстан бас тартты және сәйкесінше қазақстандық мамандарды оқыту бағдарламасын орындау жұмысы 1 миллион АҚШ доллары сомасында жалғасатын болады.

Слайд № 5 Толқын және Боранкөл кен орындарын сенімгерлікпен басқару

Толқын және Боранкөл кен орындарын сенімгерлікпен басқару шарттарының талаптарына сәйкес, өндірістің тоқтамауын, өндірістік объектілер мен жабдықтардың сақталуын, сонымен бірге әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі негізгі міндеттер орындалуда.

Жұмыс беруші мен қызметкерлер арасындағы ішкі коммуникациялар қағидаларына сәйкес 2020 жылдың 13 ақпанында ҚМТ-ның Ақтау қаласындағы филиалының директоры 2019 жылдың қорытындысы бойынша Толқын, Боранкөл кен орындарында еңбек ұжымымен есептік кездесу өткізді.

Коронавирус инфекциясы (COVID-19) пандемиясына байланысты елде Төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты, сонымен бірге ҚМТ филиалы объектілерінде коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу үшін өзін-өзі оқшаулау және карантин жағдайында қауіпсіздікті сақтау мақсатында жұмыс беруші мен қызметкерлердің арасындағы ішкі коммуникациялар қағидаларына сәйкес кездесу 2020 жылдың 21 тамызына жоспарланып отыр және ол қашықтық режимінде өтетін болады.

2020 жылдың 1-жартыжылдығы бойынша Филиалдың өндіргені:
- 51,13 мың тонна мұнай (жоспар бойынша 61,88 мың тонна), жоспарлы көлемнен 17 % аз;

- 3,55 мың тонна конденсат (жоспарда 5,6 мың тонна), бекітілген жоспардан 37 % аз;

- 43,29 млн текше метр газ (жоспарда 68,68 млн текше метр), жоспарланған көлемнен 37 % аз;

10,75 мың тонна көлемінде мұнай өндіру жоспарының орындалмауының негізгі себебі – қолданыстағы ұңғымалар қоры бойынша суланудың артуы, ауыспалы қор бойынша ГТШ орындалмауы, скважиналарды күрделі жөндеу және жерасты жабдықтарын ағымды жөндеу бойынша шарттардың кеш жасалуына байланысты бос тұрыстағы және өнімі азайған ұңғымалар санының ұлғаюы болып табылады (ҚМТ Бақылау кеңесінің 26.05.2020ж. №10 хаттама шешімі).

Жоспарлы газ өндіру көлемінің 25,39 млн. текше метрге азаюы 2 ұңғымадағы тереңдеп қазу бойынша ГТШ жүргізілмеуімен (ҚМГ-ның 13.12.19 №110-26/8460 хатына сәйкес), 2 ұңғымада жоғарғы қабатқа ауысу ГТШ болмауына (байланысты және ауыспалы қор бойынша ұңғымалардың өнімінің төмендеуімен, сондай-ақ шарттың кеш жасалуына байланысты ГТШ-ның кеш мерзімге ауыстырылуымен байланысты.

Конденсат өндірудің төмендеуі өндірілетін газ көлемінің азаюымен байланыстырылады.

Слайд №6,7 2020 жылдың 1-жартыжылдығы бойынша ҚМТ орталық аппаратының қаржылық көрсеткіштерінің орындалуы

Кіріс:

Есептік кезең ішіндегі барлық шоғырландырылған кіріс 411 млн. теңгені құрайды, жоспарда 790 млн теңге, кіріс мыналардан тұрады:

- ҚМТ филиалын сенімгерлік басқарудан түскен кіріс 161 мың теңге;
- Екінші деңгейлі банктардағы депозиттерге бос ақшалай қаражатты салудан түскен кіріс 765 мың теңге;
- «Жемчужины» қарызын есептен шығарудан түскен кіріс 409,5 млн теңге.

Шығыс:

Есептік кезең ішіндегі шығыс 946 млн. теңгені құрады, жоспар бойынша 1 320 млн.теңге. Шығыс мыналардан тұрады:

•Жалпы және әкімшілік шығындар 189 млн. теңгені құрады, жоспар бойынша 260 млн теңге немесе 72 % орындалды. Жоспарлы соманың игерілмеуі әкімшілік шығындар бойынша үнемдеумен байланысты болып отыр.

•Қаржыландыру шығыны 749 млн. теңгені құрайды, жоспар бойынша 807 млн. теңге. Орындалмау Филиалға қаржылай көмек көлемінің аздығына байланысты.

•Өзге шығындар 7,5 млн теңгені құрады, жоспар бойынша 251 млн теңге. Ауытқу МСФО-9 бойынша құнсызданудан келген шығынды қалпына келтірумен байланысты жоспарланбаған табыспен түсіндіріледі.

Күрделі салымдар:

«Құрманғазы» жобасы бойынша 2020 жылдың 1-жартыжылдығында күрделі салымдарды нақты игеру 58 млн. теңгені құрады, жоспар бойынша

151 млн. теңге (38%) болатын. Бұл ауытқу жоба бойынша белсенді жұмыстарды қайта жаңғыртуды кейінге шегерумен байланысты.

ҚМТ филиалы бойынша:

2020 жылдың 1-жартыжылдығында жоспарланған 9,0 млрд.теңгені кіріс сомасының орындалуы нақты 7,5 млрд. теңгені, яғни 83% құрады. Есептік кезең ішінде көмірсутегі қоспаларынөндіру жоспарының орындалмауы және әлемдік мұнай бағасының төмендеуі бюджеттің кіріс бөлігінің орындалмауына әсерін тигізді. Жоспардағы баға 157 685 (56 USD/bbl) болса, жылдың бірінші жартысында сатудың орташа бағасы 1 тонна үшін 101 239 теңгені (35 \$/bbl.) құрады

Жалпы шығыс сомасы 6,9 млрд. теңге, жоспарда 8,5 млрд. теңге, яғни жоспардың 82%.

Капиталдық салымдар бабы бойынша игеру жоспарда 1,69 млрд. теңге, факт 7,9 млн.теңгені құрады.

Ағымдағы кезеңден Филиалдың жоспарланған кіріс - 535,4 млн. теңге кірісі, салықтар төленгеннен кейін, 299,9 млн. теңгені құрады.

Слайд № 8 Денсаулықты, еңбекті және қоршаған органы қорғау.

ҚМТ құрылған күннен бастап апатсыз және оқиғаларсыз 7 232 күн жұмыс істеді.

Есептік кезең ішінде ҚМТ-ның дағдарыс жағдайларын басқару тобы (бұдан әрі – ДЖБТ) 4 отырыс өткізді. ҚМТ ДЖБТ отырыстарында қашықтан жұмыс істеуге ауыстырылған қызметкерлердің шығындарын өтеу жөнінде еңбек шартына Қосымша келісімге өзгертулер мен толықтырулар енгізу, ішінара сатып алынған санитарлық-эпидемиологиялық қорғану құралдарын бөлу, қашықтықтан жұмыс істейтін қызметкерлердің жұмыс уақытын есепке алу, КВИ симптомдары анықталған жағдайда әрекет ету туралы ҚМТ ОА төтенше жағдайдағы Б және С жоспарынбекіту, «Қазақтеңізкөлікфлоты» ЖШС әкімшілік ғимаратында жұмыс істейтін қызметкерден КВИ анықталуына байланысты шаралар қабылдау және ҚМТ қызметкерлерінің 70% кем емес бөлігін 15.06.2020ж. бастап қашықтықтан жұмыс істеуге ауыстыру туралы мәселелер қаралды.

Сондай-ақ осындай шаралар ҚМТ Филиалында да жүргізілді:

- Коронавирус инфекциясының таралуына байланысты алдын алу және карантиндік іс-шаралар жоспары бекітіліп, қолданысқа енгізілді;
- Дағдарыс жағдайларын басқару (ДЖБК) және коронавирус инфекциясын (COVID-19) таратуға жол бермеу жөніндегі қажетті шараларды қабылдау командасы жасақталды;
- ҚМТ филиалы директорының бұйрығымен ҚМТ филиалы қызметкерлерінің бір бөлігі қашықтан жұмыс істеу тәсіліне ауыстырылды;
- Вахта ұзақтығын 15-тен 30 күнтізбелік күнге ұлғайту туралы шешім қабылданды.

Есептік кезең ішінде Филиалдың 25 қызметкерінде КВИ жұқтырудың расталған жағдайы тіркелді, бүгінде олардың ішінен 8 адам карантинде, толық жазылғаны – 17.

2020 жылдың 1-жартыжылдығында ҚМТ филиалында апатсыз және жазатайым оқиғаларсыз нақты 558 764 адам/сағат жұмыс істелді.

ҚМТ филиалының тұрақты жұмыс комиссиясы 2020 жылдың 1-жартыжылдығында «Толқын» және «Боранқұл» кен орындарындағы өндірістік объектілерге 2 жоспарлы тексеру жүргізді.

Қауіпсіздік мінез-құлқын бақылау дағдыларын дамыту бағдарламасы аясында жоспарланған жұмыстардың барлығы бекітілген кестеге сәйкес орындалды.

Орталық аппаратта жоспар бойынша 15 бақылау болса, іс жүзінде 15 бақылау жүргізілді. Сонымен қатар қауіпсіз мінез-құлықты бақылауды жүргізу карточкалары ай сайын ҚМТ порталына жүктеледі және өткізілген бақылаулар саны туралы мәліметтер ҚМТ-ге тұрақты жолданады.

2020 жылдың 1-жартыжылдығында ҚМТ филиалында қауіпсіз мінез-құлықты бақылау дағдыларын дамыту бағдарламасы шеңберінде жоспарлы жұмыстардың барлығы орындалды, 249 бақылау жүргізілді (жоспарда 242 бақылау).

ҚМТ компаниялар тобында орын алған жазатайым оқиғалар туралы ай сайынғы ақпарат, еңбек қауіпсіздігі, еңбекті, денсаулықты қорғау жөніндегі есептер, постерлер, қауіпсіздік бюллетеньдері, бейнероликтер ҚМТ филиалының барлық қызметкерлерінің назарына жеткізілді.

Слайд № 9 Ішкі коммуникациялар

ҚМТ-да ішкі коммуникациялардың мынадай түрлері қолданылады:

- **Ұйымдастырушылық:**

1) Бас директордың еңбек ұжымымен жоспарлы есептік кездесуі;

«ҚМТ қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық ұйымы төрағасының қатысуымен 2019 жылдың қорытындысы бойынша еңбек ұжымдарымен ҚМТ бас директорының жоспарлы есептік кездесуі 19.02.2020ж. және ҚМТ филиалы директорының есептік кездесуі 13.02.2020ж. өткізілді. Қызметкерлер тарапынан 2019 жылдың қорытындысы бойынша Бас директордың есебіне қатысты сұрақтар болған жоқ. Еңбек ұжымы 2019 жылдың қорытындысы бойынша Бас директордың есебін қабылдау жөнінде шешім қабылдады.

2) Жедел шешім қабылдауды қажет ететін мәселелерді талқылау мақсатында басшылықтың еңбек ұжымымен жоспардан тыс кездесуі болған жоқ;

3) Бас директордың жеке сұрақтар бойынша қызметкерлерді қабылдауы.

Тіркеу журналы бойынша жеке мәселе жөнінде Бас директордың қабылдауына ешкім жазылған жоқ.

- **Ақпараттық:**

1) Бас директордың блогы:

2020ж. 1-ж/ж қорытындысы бойынша ҚМТ корпоративтік сайтында Бас директордың блогы бөліміне өтініш, хат түскен жоқ.

2) ақпараттық стенд.

Ақпараттық стендте денсаулықты қорғау бюллетені бойынша ақпараттар, оқиғаларға шолу, ҚМТ жұмыс берушісі мен қызметкерлері арасындағы ішкі коммуникациялардың бірыңғай жүйесі қағидаларына жаднама орналастырылды. Сонымен бірге «Қазақстан Республикасында

тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» орындау жөнінде ақпарат берілген.

- **Аналитикалық:**

1) Қызметкерлердің ұсыныстарына арналған жәшік;

Жәшікке ұсыныстар түспеген.

2) Сауалнама жүргізу –еңбек жағдайларына қанағаттанушылық туралы еңбек ұжымының пікірін білу мақсатында 20.01.2020ж. сауалнама жүргізілді. Қызметкерлер қанағаттанушылығының орташа бағасы 6,1 балды құрады немесе сауалнама басталған сәттегі орталық аппарат қызметкерлерінің орташа санының 77,77% қатысып, мүмкін болатын ең жоғары балдың 93,33% құрады.

Коммуникативтік (ұжымды шоғырландыру): кәсіптік конкурстар, спорттық шаралар, корпоративтік мекемелер, бірігіп табиғат аясына шығу, т.б.

2020ж. 1-ж/ж қорытындысы бойынша ҚМТ қызметкерлерінің балалары үшін 2020 Жаңа жыл ертеңгілігі өткізілді.

- **Кәсіподақтармен консультациялар**

ҚМТ-да тоқсан сайын бір рет ең өзекті мәселелер (мәселен, ұжымдық шарттың орындалуы, еңбек тәртібінің жай-күйі, еңбек ұжымының өтініштерін қарау, қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелері, әлеуметтік жеңілдіктер мен өтемақылар ұсыну, ұйымдағы өзге де әлеуметтік маңызы бар сұрақтар) жөнінде басшылық пен кәсіподақтың кездесуі өткізіліп отырады.

Кездесу қорытындысы бойынша тиісті хаттама толтырылады және іс-шаралар жоспары жасалады, хаттамалардың көшірмелері сұранысқа орай ҚМТ-ге жолданады.

2020 жылдың 1-жартыжылдығында 2020 жылдың 03 сәуірінде «ҚМТ қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы (бұдан әрі – Кәсіподақ төрағасы) Қ.Ш.Айтжановпен кездесу өтті. Кездесу барысында ҚМТ бас директоры кәсіподақ төрағасына коронавирус инфекциясының (COVID-19) таралуына байланысты Қазақстан Республикасының аумағында Төтенше жағдай (бұдан әрі – ТЖ) енгізілгені жөнінде ақпарат берді.

Сонымен бірге ҚМТ орталық аппаратының КВИ симптомдары бар тұлғалар анықталған жағдайда әрекет ету жөніндегі Б және С жоспарына (сәйкес, қажетті қызметкерлерді қоспағанда, аутстаффинг секторымен бірге қызметкерлер штатының басым көпшілігін (76%) дистанциялық жұмыс формасына ауыстырылғанын хабарлады.

Сонымен бірге Жұмыс берушінің Жұмыскерлермен қарым-қатынасы тұрақты режимде, ТЖ кезінде барлық жұмыс орындары сақталып, еңбекақы толық төленуде.

Кәсіподақ төрағасы өз кезегінде еңбек ұжымында сұрақтар мен қиындықтардың жоқ екенін, сондай-ақ бүгінгі таңда әлеуметтік маңызды мәселелер бойынша тұрақтылықтың байқалатынын мәлімдеді.

Әлеуметтік қолдау «ҚМТ қызметкерлерін әлеуметтік қолдау ережелеріне» және ҚМТ және «ҚМТ қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі арасында 2016 жылдың 21 шілдесінде жасалған ҚМТ-ның ұжымдық шартына сәйкес жүзеге асырылады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тапсырмасына сәйкес қызметкерлерді оқыту және біліктілігін арттыру оңтайландырылды.

ҚМТ қызметкерлерін әлеуметтік қолдау қағидаларының ережелеріне сәйкес, 2020 жылдың 1-жартыжылдығында ҚМТ қызметкерлерінің әлеуметтік түрлі қажеттіліктері төленді, соның ішінде:

Материалдық көмек – 20 048 мың теңге:

• Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы кезіндегі сауықтыру жәрдемақысы – 14 адам / 20 048 мың теңге;

Әлеуметтік жәрдемақылар мен өтемақылар 151 мың теңге сомасында 1 қызметкерге көрсетілді:

• Бала 1,5 жасқа толғанға дейінгі бала күтімі бойынша демалыстағы қызметкерге ай сайынғы төлемдер – 1 адам / 151 мың теңге;

Әлеуметтік кепілдіктер 2 121 мың теңге, олар:

• Ауырған жағдайда ерікті медициналық сақтандыру және қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелеріне медициналық қызмет көрсету 2 121 мың теңге;

ҚР заңнамасымен кепілдік берілген **уақытша еңбекке жарамсыздық жәрдемақысы** – 2 адам / 80 мың теңге.

2020 жылдың 1-жартыжылдығында қызметкерлер ерікті медициналық сақтандырумен қамтамасыз етілді.

2020 жылдың 1-жартыжылдығы қорытындысы бойынша ҚМТ-ның еңбек тәртібі ережелерін бұзғаны үшін тәртіптік жаза қолдану болған жоқ

Слайд 11 Мамандар қозғалысы

2020 жылдың 1-жартыжылдығы қорытындысы бойынша штат санында өзгеріс болған жоқ. Осы кезеңдегі кадрлардың ауыс-түйісі 0% құрайды.

Сонымен бірге, ҚМГ компаниялар тобының персонал құрамы туралы ақпаратты жаңарту мақсатында тоқсан сайын ҚМГ порталына есептер тапсырылады (intranet.kmg.kz).

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында Төтенше жағдай енгізу туралы» 15.03.2020ж. №285 Жарлығының негізінде 2020 жылдың 16 наурызынан бастап Қазақстан Республикасында Төтенше жағдай жариялануына байланысты және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы Төрағасы м.а. 13.03.2020ж. №72 бұйрығына сәйкес, ҚМТ қызметкерлері арасында коронавирус инфекциясының (COVID-19) таралуына жол бермеу мақсатында аутстаффинг секторын қоса алғанда, қызметкерлерге қажетті IT-сервистерге алыстан қол жетімділік беріле отырып, олар дистанциялық жұмыс формасына ауыстырылды. 2020 жылдың 1-жартыжылдығы соңында штат персоналының 94,4%, аутстаффинг секторының 100% қашықтықтан жұмыс жасап отыр.

Слайд 12 Құжат айналымында мемлекеттік тілді қолдану, сапа және тәуекелдер менеджменті жүйесінің қызметі

2020 жылдың 1-жартыжылдығында ҚМТ-ның сыртқы және ішкі құжат айналымы жөніндегі мәліметтер

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасын орындау бойынша жүргізілген жұмыстар

Іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу бойынша:

- 2.1. ішкі құжат айналымы қазақ тілінде жүргізіледі;
- 2.2. мемлекеттік тілді дамыту және қолдану жөніндегі комиссия ішкі құжат айналымына ұдайы бақылау жасап отырады және қызметкерлердің хат алмасуына мониторинг жасалады.
- 2.3. 2020 жылдың 1-жартыжылдығы қорытындысы бойынша қазақ тіліндегі құжат айналымының үлесі 77,5 пайызды құрады;
- 2.4. Серіктестікте «Мемлекеттік тіл бұрышы» ұйымдастырылған;
- 2.5. ҚМТ сыртқы және ішкі құжат айналымы туралы ақпаратты тоқсан сайын ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне, ҚМГ-ге және Маңғыстау облысының әкімдігіне жолдайды.

- 2020 жылға арналған бекітілген тәуекелдер регистрі шеңберінде қызметкерлер үшін жеке қорғану құралдарын сатып алу, коронавирус індетіне байланысты оларды қашықтықтан жұмыс істеуге ауыстыру, сондай-ақ бухгалтердің біліктілігін арттыру, пайыздық мөлшерлемелерге мониторинг жасау тәрізді тиісті шаралар жүзеге асырылды. 2020 жылға арналған тәуекелдер тіркелімі ҚМТ Бақылаушы кеңесінің 06.12.2019ж. № 21 шешімімен бекітілген.

- Менеджмент жүйесінің сәйкестік сертификаты 21.08.2018ж. бастап 11.03.2021ж. дейін жарамды, ҚМТ-ның біріктірілген басқару жүйесі (ИСУ) ISO 9001:2015, ISO 14001:2015 және OHSAS 18001:2007 халықаралық стандарттарының жаңа талаптары бойынша сертификатталған.

Сертификаттың тіркеу нөмірі:

- TIS 15 100 74377
- TIS 15 104 7430
- TIS 15 116 7057

2019 жылы стандарттар талаптарына сәйкестік жөнінде алғашқы бақылау аудиті сәтті өтті

Қазіргі уақытта ҚМТ ISO 9001:2015, ISO 14001:2015 және OHSAS 18001:2007 стандарттарының жаңа нұсқалары бойынша сертификатталған. Сертификаттау TIS аудиттеу және сертификаттау процедурасына сәйкес жүргізілуде.

Слайд 13 Тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу жөніндегі жылдық жоспардың орындалысы

- 1) 2020 жылдың 1-жартыжылдығы қорытындысы бойынша ҚМТ-ның тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу жөніндегі жылдық жоспарының орындалуы, мың теңге

ТЖҚ атауы	2020ж. 1-ж/ж жоспары	2020ж. 1-ж/ж сатып алу қорытындысы бойынша факт	Үнемдеу
Тауарлар	701 329,32	539 224,78	162 104,54
Жұмыстар	1 314 610,07	678 465,97	636 144,10
Қызметтер	3 615 066,45	3 207 729,54	407 336,90
БАРЛЫҒЫ	5 631 005,84	4 425 420,29	1 205 85,55

- Есептік кезеңдегі ҚМТ товарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу жоспарын игеру 100 пайызды құрайды.

2) 2020 жылдың 1-жартыжылдығында ҚМТ-да ТЖҚ сатып алудағы жергілікті қамту:

- ❖ Тауарлар – 536 %
- ❖ Жұмыстар мен Қызметтер – 88 %

3. 2020 жылы отандық тауар өндірушілерден «қарапайым заттар экономикасы» (бұдан әрі – ҚЗЭ) жобасын жүзеге асыру шеңберінде сатып алынған тауарлар, сонымен бірге жергілікті қамту үлесіне ие болған тауарлар үлесінің бекітілген мақсатты индикаторлары шеңберінде ҚЗЭ сатып алудың жалпы көлемінің кем дегенде 90 % қамтуы тиіс.

2020 жылдың қаңтар-маусым айлары бойынша белгіленген индикаторларға қол жеткізу 100 % құрады.

4. Сатып алу мәселесіне қатысты «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ өкілетті органы растаған, жүргізілген сатып алулар бойынша бұзушылықтар (ұйғарымдар) саны – 2. Бұзушылыққа жол бергені үшін ҚМТ филиалының жауапты қызметкерлеріне тәртіптік жаза шаралары қолданылды.

Слайд № 14 2020 жылдың 2-жартыжылдығындағы міндеттер.

✓ Жемчужины жобасы бойынша:

Үстіміздегі жылдың шілдесінде «Жемчужины» келісімшарттық аумағындағы жер қойнауын пайдалану салдарын жою актісіне қол қою. Айтып өткеніміздей, ол жүзеге асты.

ҚР ЭМ бекіткен «Жемчужины» келісімшарттық аумағын ерікті түрде қайтару бойынша Жол картасына сәйкес «Жемчужины» келісімшарттық аумағын қайтару жұмыстарын аяқтау. Бұл аяқталып болған және аяқталу сатысында тұрған жұмыстардың нәтижелерін ең соңынан рәсімдеу, сондай-ақ негізгі нәтиже ретінде – ӨБК-ні бұзу туралы келісімше қол қою.

✓ Құрманғазы жобасы бойынша

Негізгі міндет – Серіктестіктің өндірістік бағдарламасының және Құрманғазы жобасы бойынша жылдық жұмыс жоспары мен бюджетінің, соның ішінде оқыту міндеттемелерінің орындалуын бақылау болып табылады.

Бұрын айтылғандай, РНЭ тарапынан келіспеушіліктердің болуына байланысты ӨБК-ге № 3 толықтыруға өзгертулер енгізу мақсатында оны ҚР ЭМ-мен бірлесіп қарау жалғасады, соған байланысты есептік жылы Жол картасына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөнінде ҚМГ-ның корпоративтік шешімдері қабылданбады және ағымдағы жылдың 2-тоқсаны ішінде олардың орындалуын қамтамасыз ету міндеті қойылды.

ҚМГ Басқармасының 2018 жылғы 15 қарашадағы шешімімен бекітілген «ҚМТ-ны тарату жөніндегі жол картасына» сәйкес, жер қойнауын пайдалану құқығын ҚМТ-дан ҚМГ-ге беру көзделген ӨБК-ге Толықтыруға қол қою жұмыстары жалғасатын болады.

✓ **Сенімгерлікпен басқару шарты бойынша**

Сенімгерлікпен басқару шартының, Қызметті қамтамасыз ету шартының, Мүлікті уақытша иелену және пайдалану шартының талаптарын сақтай отырып, Толқын және Боранқұл кен орындарын сенімгерлікпен басқару жұмыстарын жалғастыру жоспарланып отыр.

Түзетілген ЖЖББ-ға (ГРПиБ) сәйкес 2020 жылдың екінші жартыжылдығында 55,170 мың тонна мұнай, 2,238 мың тонна конденсат және 36,590 млн текше метр газ өндіруді қамтамасыз ету көзделген.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ішкі аудиті қызметінің аудиті бойынша

«ҚазМұнайТеңіз» ТМК» ЖШС ұсыныстарының орындау пост-аудиті жөніндегі есепте» қарастырылған іс-шараларды орындауды аяқтау. Қазіргі уақытта орындау мерзімі 2020 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі бір ұсыныс орындалу үстінде.

Құрметті әріптестер,

КМТ 1 жартыжылдықтағы атқарған жұмыстары мен қызметкерлер алдындағы міндеттерін орындау қорытындысы осындай болды. Коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу мақсатында жаңа үлгіде жүргізілген КМТ бас директорының КМТ қызметкерлері алдындағы есеп баяндамасына қатысты сұрақтарыңыз бен ұсыныстарыңызды кадр жөніндегі маманына жолдауыңыз сұралады.

Атқарған еңбектеріңізге үлкен алғыс айта отырып, алдағы уақытта қабылданған жұмыс жоспарларымызды табыспен орындауға шақырамын.